

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Инвестициялық табыс - зейнетақы жинақтарының маңызды бөлігі

Ұлттық Банк БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы болып табылады және оларды Инвестициялық декларацияға сәйкес инвестициялайды. Зейнетақы активтерін инвестициялау үшін рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін Үкімет бекітеді. Зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес айқындайды.

Зейнетақы активтері БЖЗК-ның Ұлттық банктегі инвестициялық шотына орналастырылған. БЖЗК салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтарының дербестендірілген есебін жүргізеді.

Инвестициялық басқару нәтижелері және зейнетақы активтері инвестицияланған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗК-ның ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде ай сайын орналастырылады.

БЖЗК зейнетақы жинақтарын алынған инвестициялық табысты ескере отырып, күн сайын қайта есептейді және қайта бағалайды. Инвестициялық табыстың шамасы өзгеріп отырады және көптеген факторларға, соның ішінде инвестициялардың ағымдағы нарықтық құнына және валюта бағамына байланысты болады. Нәтижесінде инвестициялық табыс ұлғаю жағына да, азаю жағына да өзгеруі мүмкін. Салымшылардың ЖЗШ-дағы инвестициялық табыстың ықтимал теріс ауытқуы қысқа мерзімді кезеңде байқалады және ол уақытша болып табылады. Орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада инвестициялық табыс, әдетте, оң болады. Сондықтан инвестиция нәтижелерін бір жылдан кем емес ұзақ кезеңнің нәтижелері бойынша бағалаған дұрыс.

Зейнетақы жинақтары туралы ақпарат салымшының enpf.kz БЖЗК сайтындағы жеке кабинетінде, БЖЗК мобильді қосымшасында, egov.kz порталында 24/7 режимінде қолжетімді.

2020 жылы зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыстылық инфляция 7,5% болған кезде 10,92% құрады. Нәтижесінде 2020 жылғы нақты кірістілік 3,42% , ал 2020 жыл ішінде алынған инвестициялық кіріс көлемі 1,3 трлн теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі басталғаннан бері салымшылар алған инвестициялық табыс 5,5 трлн теңгеден асты және зейнетақы активтерінің 43% астамын құрады. Жинақталған инвестициялық табыстылық 1998 жылдан бастап (жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істей бастауы) 602,9%, ал жинақталған инфляция 496,65% құрады.

Осылайша 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өткен 23 жылдағы зейнетақы активтерінің нақты (яғни инфляциядан асатын) жинақталған табыстылығы оң сипатта және 106,25% құрады.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).